

**«KazakhExport» ЭКС» АҚ Жалғыз
акционерінің шешімімен «БЕКІТІЛГЕН»
«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамы Басқармасының
2017 жылғы «27» қыркүйектегі №37/17
хаттамасы**

**«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамы Басқармасының
2017 жылғы «27» қыркүйектегі
күндізгі отырысының №37/17 хаттамасына
№ 13 қосымша**

*2018 жылғы 17 сәуірдегі өзгерістер мен
толықтырулармен («Бәйтерек» ұлттық
басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Басқармасы отырысының № 14/18
хаттамасы)*

*2019 жылғы 09 шілдедегі өзгерістер мен
толықтырулармен («Бәйтерек» ұлттық
басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Басқармасы отырысының № 35/19
хаттамасы)*

*2021 жылғы 26 мамырдағы өзгерістер мен
толықтырулармен («Бәйтерек» ұлттық
басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Басқармасы отырысының № 27/21
хаттамасы)*

*2023 жылғы 11 сәуірдегі өзгерістер мен
толықтырулармен («Бәйтерек» ұлттық
басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Басқармасы отырысының № 13/23
хаттамасы)*

*2024 жылғы 06 мамырдағы өзгерістер мен
толықтырулармен («Бәйтерек» ұлттық
басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
Басқармасы отырысының № (22/24)
хаттамасы)*

*2024 жылғы 12 қыркүйектегі өзгерістермен
(«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамы Басқармасы отырысының
№ (44/24) хаттамасы)*

*2026 жылғы 11 ақпандағы өзгерістермен
(«Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі»
акционерлік қоғамы Басқармасы отырысының
№ (05/26) хаттамасы)*

**«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік
агенттігі» акционерлік қоғамының
Жарғысы**
(2026 жылғы 11 ақпандағы өзгерістер ескерілген)

Астана қ., 2017 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

1.1. Осы Жарғы «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін, оның атауын, орналасқан жерін, Қоғам органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, оның қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және оған қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

1.2-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

1.2. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде:

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде:

акционерное общество «Экспортно-кредитное агентство Казахстана»;

ағылшын тілінде:

«Export credit agency of Kazakhstan» joint-stock company.

Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: **«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ;**

орыс тілінде: **АО «Экспортно-кредитное агентство Казахстана»;**

ағылшын тілінде: **«Export credit agency of Kazakhstan» JSC.**

1.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 14/18 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

1.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

1.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

1.3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T3E2, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55А ғимарат.

1.4. Қоғам Алматы қ. Әділет департаментінің 2010 жылғы 26 тамыздағы № 15427 бұйрығы және 2010 жылғы 26 тамыздағы № 57185-1910-АҚ қайта тіркеу туралы куәлігі негізінде «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ құқықтық мирасқоры болып табылады.

1.5-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2026 жылғы 11 ақпандағы № 05/26 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

1.5. «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» акционерлік қоғамы Қоғамның жалғыз акционері болып табылады (бұдан әрі – Жалғыз акционер).

2. Қоғамның құқықтық мәртебесі

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие бола алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

2.2. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес алып тасталды.

2.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

2.3. Қоғам отандық экспорттаушылардың және отандық шикізаттық емес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) шетелдік сатып алушылардың экспорттық кредиттерін, инвестицияларын, кредиттеумен (қарыздармен) байланысты мәмілелерін, олардың пайдасына ұсынылған кепілдіктер мен кепілгерліктерді қаржы ұйымдарының тиісті залалдарынан, өзге де қаржылық залалдардан және тиісті азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен ерікті сақтандыруды, сондай-ақ оларды тиісті лицензиясыз қайта сақтандыруды және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2.4. Қоғамның мөрі, өз атауы жазылған бланкілері және қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

2.5-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

2.5. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» (бұдан әрі – АҚ туралы заң), «Сауда қызметін реттеу туралы», «Өнеркәсіптік саясат туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

Егер «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше тікелей көзделмесе, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігінің қызметіне байланысты қатынастарды реттемейді.

2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қоғам өзі орналасқан жерден тыс жерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және өздері туралы Ереже негізінде әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3. Қоғамның және Жалғыз акционердің жауапкершілігі

3.1. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.

3.2. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

3. Қоғам қызметінің мақсаты, міндеттері және түрі

4.1. Қоғам қызметінің мақсаты экономиканы әртараптандыру мен дамытуға жәрдемдесу, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын қолдау және дамыту, табыс алу және оны Жалғыз акционердің мүддесінде пайдалану болып табылады.

4.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес 8) - 13) тармақшаларымен толықтырылды
4.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес 14) және 15) тармақшаларымен толықтырылды

4.2. Қоғамның міндеттері мыналар болып табылады:

1) тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру арқылы Қазақстан Республикасының шикізаттық емес тауарлары, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтері экспортын ынталандыру;

2) тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру арқылы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес пайдалы қазбалар болып табылмайтын Қазақстан Республикасы шикізаттық тауарларының экспортын ынталандыру;

3) тәуекелдерді сақтандыру және қайта сақтандыру арқылы Қазақстан Республикасына және шетелге инвестицияларды ынталандыру;

4) тауарлар экспортына байланысты қаржылық тәуекелдерді сақтандыру;

5) экспорт алдындағы және экспорттан кейінгі операциялар бойынша екінші деңгейдегі банктердің тәуекелдерін сақтандыру арқылы экспортты ынталандыру;

6) Экспорттық операцияларды экспорт алдындағы және саудалық қаржыландыру мақсатында екінші деңгейдегі банктерде ақшалай қаражатты шартты орналастыру арқылы тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын ынталандыру;

7. тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

7) осы Жарғының 2.3-тармағында көзделген ерікті сақтандыру түрлері бойынша тәуекелдерді қабылдау және қазақстандық және шетелдік сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, басқа елдердің экспорттық-кредиттік агенттіктеріне, ұлтүстілік қайта сақтандыру компанияларына және халықаралық экспорттық кредиттер мен кепілдіктерді сақтандыру қауымдастықтары мен ұйымдарының мүшелеріне қайта сақтандыруға беру арқылы қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру;

8) Экспорттық әлеуетті диагностикалау;

9) сауда миссияларын ұйымдастыру және өткізу, көрме-жәрмеңке қызметін жүзеге асыру, отандық өндірушілердің тауар белгілерін шетелде ілгерілету және шетелде қазақстандық өндірушілердің ұлттық стендтерін ұйымдастыру;

10) отандық өндірушілер және олардың тауарлары, көрсетілетін қызметтері туралы ақпаратты тұрақты негізде шетелде орналастыру арқылы әлеуетті шетелдік сатып алушылардың хабардарлығын арттыру;

11) отандық өңделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортын дамыту және ілгерілету мәселелері бойынша ақпараттық және талдамалық қолдау көрсету;

12) отандық өңделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді халықаралық гуманитарлық көмек нарығына ілгерілетуге жәрдемдесу;

13) индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің отандық өңделген тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сыртқы нарықтарға ілгерілету жөніндегі шығындарының бір бөлігін өтеу;

14) шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі мәмілелерге кепілдік беру;

15) шикізаттық емес экспортты дамыту және ілгерілету саласындағы ұлттық даму институты тарапынан сақтандырылуға жататын, өңдеу өнеркәсібінің отандық жоғары технологиялық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін шетелдік сатып алушыларға екінші деңгейдегі банктер, Қазақстанның Даму Банкі, лизингтік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды тұлғалар беретін кредиттер және жасайтын лизингтік мәмілелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау.

4.3. Қоғамның функциялары:

1) Қазақстан Республикасының тауарларын, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерін сыртқы нарықтарға ілгерілетуге жәрдемдесу;

2) экспорт алдындағы және экспорттық операциялар саласында өтеусіз консультациялық қолдау көрсету;

3) Қазақстан Республикасының тауарларын, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтері экспортын ілгерілету мәселелері бойынша отандық, шетелдік және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау.

4.4. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес алып тасталды.

4.5. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес алып тасталды.

4.6. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес алып тасталды.

5. Қоғамның мүлкі және капиталы

5.1. Қоғамның мүлкі мыналар есебінен қалыптастырылады:

1) оның қызметі нәтижесінде алынған табыстар;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлік.

5.2. Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен жүзеге асырылады, бұған «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын Қоғамды қайта ұйымдастыру кезінде Қоғам акцияларын төлеу жағдайлары қосылмайды.

5.3. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5.4-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

5.4. Қоғам қолданыстағы сақтандыру, қайта сақтандыру және шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі мәмілелерге кепілдік беру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін актуарийлер қызметі есептеген көлемде қалыптастырылған резервтердің (міндеттемелердің) болуына міндетті.

5.5-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

5.5. Резервтердің (міндеттемелердің) қаражаты тек қана Қоғамның қолданыстағы сақтандыру, қайта сақтандыру және шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі мәмілелерге кепілдік беру шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты төлемдерді жүзеге асыруына арналған.

5.6-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

5.6. Резервтерді (міндеттемелерді) қалыптастыруға қойылатын жалпы талаптарды, оларды есептеу әдістемесін және олардың құрылымын сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері белгілейді.

6. Қоғамның акциялары

6.1. Қоғам жай акцияларды шығаруға құқылы.

6.2. Қоғам Жалғыз акционерден өз акцияларын мәміле нәтижесінде Қоғамның қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі мәселелеріне қатысты заңнама талаптары бұзылмаған жағдайда сатып алуға құқылы.

6.3. Акцияларды сатып алу кезінде Қоғам заңнамада белгіленген орналастырылған акцияларды Қоғамның сатып алуы жөніндегі шектеулерді сақтайды.

6.4. Жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

Бап «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес 6.5-тармақпен толықтырылды.

6.5. Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді тек орталық депозитарий жүзеге асыра алады.

7. Қоғамды басқару ерекшеліктері

7.1. Қоғамды тарату, қайта ұйымдастыру және атауын өзгерту туралы шешімді «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

7.2. Нәтижесінде Қоғам құны активтерінің жалпы құнының жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иелігінен шығаратын (сатып алынуы немесе иелігінен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын Қоғамның жасасуы туралы шешімді Жалғыз акционердің Директорлар кеңесі қабылдайды.

Бап «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес 7.3, 7.4-тармақтармен толықтырылды.

7.3. Қоғам қызметінің нәтижелерін тыңдауды жыл сайынғы негізде Жалғыз акционердің Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

7.4. Қоғам қызметін тыңдау нәтижелері туралы есепті Қоғам мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

8. Жалғыз акционердің құқықтары

8.1. Жалғыз акционер:

1) АҚ туралы заңда және Қоғам Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

3) Жалғыз акционер немесе Қоғам Жарғысы айқындаған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға құқылы. Бұған мынадай ақпарат қосылмайды:

талап қойылған күні қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған;

соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылып отырған (бұрын сұратылған ақпарат акционерге толық көлемде ұсынылған жағдайда);

акционер жүгінген күнге дейін орындалуы жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (акционер жүгінген күнге дейін үш жылдан астам) қатысты ақпарат;

4) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан өзінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

6) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

7) заңнамада көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірген шығындарының орнын толтыруы және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (табысын) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салумен жүгінуге және сұрау салу Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәжді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, АҚ туралы Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

11) Заңға сәйкес Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін қосымша мәселелерді енгізуді Директорлар кеңесіне ұсынуға;

12) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

13) аудиторлық ұйымның өз қаражаты есебінен Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге құқылы.

8.2. Жалғыз акционердің Жарғының 8.1-тармағында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

9. Жалғыз акционердің міндеттері

9.1. Қоғамның Жалғыз акционері міндеттері:

1) акцияларды төлеу;

2) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

2) Қоғамның орталық депозитарийін Қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он жұмыс күні ішінде хабардар ету;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

4) АҚ туралы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындау болып табылады.

9.2-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

9.2. Қоғам және орталық депозитарий Жалғыз акционердің Жарғының 9.1-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

10. Таза табысты бөлу. Акциялар бойынша дивидендтер

10.1. Қоғамның таза табысы (бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін) Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен бөлінеді.

Қоғамның Жалғыз акционері жыл қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.2-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

10.2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім АҚ туралы Заңда көзделген мәліметтерді қамтуға тиіс.

10.3. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер есептеуге мынадай жағдайларда жол берілмейді:

1) меншікті капитал мөлшері теріс болғанда немесе егер Қоғамның меншікті капитал мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу нәтижесінде теріс болып қалса;

2) егер ол банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе, не Қоғамда көрсетілген белгілер оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса;

3) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

3) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

3) «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.

10.4. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қорытындысы бойынша не Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша әрбір тоқсан немесе жартыжылдық қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

10.5. Тоқсан немесе жартыжылдық қорытындысы бойынша Қоғамның жай акцияларына дивидендтер төлеу қоғамның қаржылық есептілігіне тиісті кезең үшін аудит жүргізілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

10.6. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалған күнгі уәкілетті органның ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сүйене отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

10.7. Дивидендтерді төлеу қоғамның акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болған кезде, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

Акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу акционер қоғамға өзі туралы қажетті мәліметтердің қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесіне енгізілгенін растайтын құжатпен жүгінген сәттен бастап тоқсан күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.

11. Қоғам органдары

11.1-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

11.1. Қоғамның органдары мыналар болып табылады:

жоғары орган – Жалғыз акционер;

басқару органы – Директорлар кеңесі;

атқарушы орган – Басқарма (алқалы орган);

қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын қызмет – Ішкі аудит қызметі;

андеррайтинг мәселелері жөніндегі алқалы орган – Андеррайтингтік кеңес;

активтер мен пассивтерді басқару мәселелері жөніндегі алқалы орган – Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңес;

сақтандыру және кепілдік жағдайларын реттеу мәселелері жөніндегі алқалы орган – Сақтандыру және кепілдік жағдайларын реттеу жөніндегі кеңес;

Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес өзге де органдар.

Қоғам органдарын құру, қызметін ұйымдастыру тәртібі және құзыреті, соның ішінде қоғам органдарының отырыстарын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі, қоғам органдарының шешімдер қабылдау тәртібі, оның ішінде шешімдері білікті көпшілік дауыспен қабылдануға тиіс мәселелер тізбесі осы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.

12. Қоғамның Жалғыз акционері

12.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, дауыс беретін барлық акциялары бір акционерге тиесілі акционерлік қоғамда акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. Осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді осындай акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімделуге жатады.

12.2. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ егер осы кодексті қабылдау Қоғам жарғысында көзделген жағдайда, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекіту;

12.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес 2-1) тармақшасымен толықтырылды.

2-1) артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай, Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарының тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

5) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

6) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

б) бір түрдегі орналастырылған акцияларды екінші түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, сондай-ақ мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

12.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес 6-1) тармақшасымен толықтырылды.

6-1) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

12.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес 6-2) және 6-3) тармақшаларымен толықтырылды

6-2) акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, мұндай бөлшектеудің шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

6-3) өтеу мерзімі жоқ мемлекеттік емес облигацияларды шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;

7) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

8) Қоғамның Басқарма Төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

9) Қоғамға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды айқындау;

10) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

10) аудителген жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

11) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

12) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғамда тексерулер (ревизиялар) тағайындау туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не жиынтығында Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) АҚ туралы Заңға сәйкес Қоғам ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер әдістеме құрылтай жиналысында бекітілмеген болса, оны бекіту);

12.2-тармақтың 17) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

17) егер мұндай тәртіп Қоғам Жарғысында айқындалмаса, Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін айқындау;

12.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес 17-1) тармақшасымен толықтырылды.

17-1) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

18) Жалғыз акционер айқындайтын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

19) Қоғамға оның қызметі мәселелері бойынша орындау үшін тікелей (жедел) тапсырмалар беру;

12.2-тармақтың 20) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

20) Қоғамның Басқарма Төрағасын материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, жұмыстан шеттету, одан тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау;

12.2-тармақтың 21) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

21) Қоғам мүлкінің құны мәміле жасау туралы шешім қабылданған күнге Қоғам активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын ірі мәмілені, нәтижесінде активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен

шығарылуы мүмкін) мәмілені (мәмілелерді), не жасалуына мүдделілік бар ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

22) Қоғамның жылдық есебін бекіту;

23) шешімдер қабылдау заңнамамен және (немесе) Қоғам Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

12.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешімдер қабылдау заңнамамен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды адамдарының және жұмыскерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

12.4. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

12.5. Осы Жарғының 12.2-тармағының 21) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша шешім

13. Қоғамның Директорлар кеңесі

13.1. Директорлар кеңесі АҚ туралы Заңмен және (немесе) Қоғам Жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

13.2. Егер АҚ туралы Заңда, осы Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

13.2-тармақтың 1 және 2) тармақшаларына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму жоспарын айқындау, оған өзгерістер, толықтырулар енгізу және іске асырылуына мониторинг жүргізу;

2) Қоғамның іс-шаралар жоспарын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оның іске асырылуына мониторинг жүргізу;

3) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес алып тасталды.

13.2-тармақтың 4) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

13.2-тармақтың 4) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 12 қыркүйектегі № 44/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

13.2-тармақтың 4) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2026 жылғы 11 ақпандағы № 05/26 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

4) Директорлар кеңесі бекіткен штат жалпы шегінде ұйымдық құрылымды бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын орындау, жаңа бизнес-процестердің және (немесе) қызмет бағыттарының пайда болуы және (немесе) қолданыстағылардан (бас тарту); қайта ұйымдастыру, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін өзгерістер, жаңа мемлекеттік бағдарламаларды бекіту немесе қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу жағдайларын қоспағанда, ұйымдық құрылымды өзгертуге күнтізбелік жылына бір реттен асырмай жол беріледі;

13.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес 5) тармақшамен толықтырылды.

5) есеп саясатын бекіту;

13.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес 5-1) тармақшамен толықтырылды.

5-1) Қоғамның экспорттаушыларды қолдау саясатын бекіту;

13.2-тармақтың 6) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

6) АҚ туралы Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

7) Қоғамның орналастырылған акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын Қоғамның сатып алуы туралы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

13.2-тармақтың 8) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

8) Қоғамның жылдық аудителген қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

9) комитеттер құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

13.2-тармақтың 10) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

13.2-тармақтың 10) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

13.2-тармақтың 10) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

10) Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің, корпоративтік хатшының, ішкі аудит қызметінің, комплаенс-қызметтің, Қоғамның актуарийлер қызметінің жұмысы туралы есептерді бекіту;

11) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

12) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның жұмыс тәртібін айқындау, Қоғамның Басқарма Төрағасын қоспағанда, оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ Қоғамның Басқарма Төрағасын қоспағанда, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

13) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес алып тасталды;

14) Қоғамның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйақы беру (марапаттау), әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ оларға сыйақы беру (марапаттау) туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен жұмыскерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, қызметтің жұмыс тәртібін, лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйақы беру, әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің басшысы мен жұмыскерлеріне сыйақы беру туралы шешім қабылдау;

13.2-тармақтың 16) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

16) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйақы беру (марапаттау), әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ корпоративтік хатшыға сыйақы беру (марапаттау) туралы шешім қабылдау;

13.2-тармақтың 17) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

17) комплаенс-қызметтің басшысы мен жұмыскерлерін тағайындау, олардың өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйақы беру, әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ комплаенс-қызметтің басшысы мен жұмыскерлеріне сыйақы беру туралы шешім қабылдау;

13.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес 17-1) тармақшамен толықтырылды.

13.2-тармақтың 17-1) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

17-1) актуарийлер қызметінің басшысы мен жұмыскерлерін тағайындау, олардың өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық айлықақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйақы беру (марапаттау), әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, сондай-ақ актуарийлер қызметінің басшысы мен жұмыскерлеріне сыйақы беру (марапаттау) туралы шешім қабылдау;

18) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

19) Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайтын тізбе бойынша Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Жалғыз акционер және атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде Қоғамның бағалы қағаздарын аукциондар арқылы өткізу және оларға жазылу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13.2-тармақтың 20) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

13.2-тармақтың 20) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

20) тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды, соның ішінде: тәуекелдерді басқару саясатын; тәуекелдер тіркелімін; тәуекелдер картасын; тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын; тәуекел-апетитін; тәуекелдің негізгі индикаторларын; тәуекелдер жөніндегі есептерді бекіту;

21) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

22) қоғамның басқа заңды тұлғалардың он және одан да көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;

23) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы қоғамға тиесілі заңды тұлғаның жалпы акционерлер (қатысушылар) жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

24) қоғам міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

25) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

26) тармақшаға «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

26) жасалуы туралы шешім АҚ туралы Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес Жалғыз акционер қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

27) жұмыскерлердің жалпы санын бекіту;

28) Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;

29) қоғамның әкімшілік шығыстарының жекелеген нормативтер түрлерін және өзге де лимиттерін бекіту;

13.2-тармақтың 30) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

30) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда қоғамның атқарушы органы мүшелерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

13.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес 30-1) және 30-2) тармақшаларымен толықтырылды.

30-1) Қоғамға оның қызметі мәселелері бойынша орындау үшін тікелей жедел тапсырмалар беру;

13.2-тармақтың 30-2) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді. 13.2-тармақтың 30-2) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

30-2) атқарушы органның мүшелерін (Қоғамның Басқарма Төрағасын қоспағанда), ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшының, комплаенс-қызметтің, актуарийлер қызметінің жұмыскерлерін материалдық және тәртіптік жауапкершілікке тарту, жұмыстан шеттету, сондай-ақ тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау;

31) Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративтік жанжалдарды реттеу туралы шешім қабылдау, сондай-ақ егер жанжалдың мәні Басқарманың әрекеті (әрекетсіздігі) не Қоғам Басқармасы қабылдаған шешімдер болып табылған жағдайда, Басқарманың құзыретіне жататын жекелеген жанжалдарды қарау;

32) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес алып тасталды.

33) нәтижесінде Қоғам құны активтерінің жалпы құнының он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иелігінен шығаратын (сатып алынуы немесе иелігінен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын Қоғамның жасасуы туралы шешім;

34) Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметтерді қоса атқару және басқа ұйымдарда жұмыс істеу мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешім қабылдау;

35) борышкердің сомасы Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын берешегін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдау;

36) омбудсменді тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

13.2-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес 36-1) – 36-4) тармақшаларымен толықтырылды.

36-1) Қоғамдағы комплаенс-тәуекелді басқаруға жалпы бақылауды жүзеге асыру;

36-2) жылына кемінде бір рет Қоғамдағы комплаенс-тәуекелді басқарудың тиімділігін бағалау;

36-3) комплаенс-тәуекелдерді басқару саясатының іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру, оның ішінде комплаенс-тәуекелдерді басқару мәселелерінің тиімді және жедел шешілуін қамтамасыз ету;

36-4) Қоғам Жарғысының 13.2-тармағында көзделген құжаттарға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды бекіту.

37) заңнамада және (немесе) осы Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

13.3-тармақтың бірінші абзацына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

13.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

13.3. Қоғамның Директорлар кеңесі ішкі аудит қызметі, актуарийлер қызметі, аудиторлық ұйым анықтаған Қоғамның қаржылық орнықтылығы және төлем қабілеттілігі бойынша заңнама талаптарын бұзушылықтарға байланысты мәселелерді қарауға құзыретті.

13.4. Тізбесі осы Жарғының 13.2-тармағында белгіленген мәселелер, сондай-ақ осы Жарғының 13.3-тармағында көрсетілген мәселелер шешу үшін Қоғамның Басқармасына берілуі мүмкін емес.

13.5. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейіндегі әлеуетті мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу кезіндегі теріс пайдаланушылықты қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

13.6. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың қатарынан сайланады:

1) жеке тұлғалар – акционерлер;

2) акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

3) Қоғам акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар.

13.7. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

13.8-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

13.8. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында басшы жұмыскерлерге қойылатын талаптарға сай болуға тиіс.

13.9. Директорлар кеңесінің төрағасы ашық дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен оның мүшелерінің қатарынан сайланады. Директорлар кеңесі төрағасының функциялары заңнамамен және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережемен айқындалады.

13.10. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру АҚ туралы Заңда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

13.11. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік үш күн бұрын, ал ірі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау мәселесі бойынша – отырысты шақыру туралы талапты жіберумен бір мезгілде ұсынылады.

13.12. Директорлар кеңесі отырысқа Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және шешімдер қабылдауға құқылы.

13.13. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие.

Егер АҚ туралы Заңда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

13.14. Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның даусы шешуші болып табылады.

13.15. Жасалуына мүдделілік бар мәмілені Қоғамның жасауы туралы шешім АҚ туралы Заңның 73-бабының талаптарына сәйкес қабылданады.

13.16. Директорлар кеңесі өзінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауға құқылы. Сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленеді.

13.17-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгертілді.

13.17. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде отырыста төрағалық еткен адам және Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы жасауға және қол қоюға әрі ол АҚ туралы Заңда көзделген мәліметтерді қамтуға тиіс.

13.18. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдар осы Жарғыда көзделген жағдайларды қоспағанда, шектеусіз рет қайта сайлана алады. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі бүкіл Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді және жаңа Директорлар кеңесін сайлау өтетін Жалғыз акционердің отырысы өткізілген сәтте аяқталады.

Тәуелсіз директорлар үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен олардың қызметін бағалаудың қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда, тағы да үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

Тәуелсіз директорлардың Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге кез келген сайлану мерзімі (мысалы, екі үшжылдық мерзім) жұмыс нәтижелері мен директорлар кеңесі мүшесінің қызметін бағалау нәтижелері, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға жатады.

Тәуелсіз директорлар қатарынан бір адам директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан артық сайлана алмайды (мысалы, үш үшжылдық мерзім). Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай адамды Директорлар кеңесіне сайлау осы Директорлар кеңесі мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактінің шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып жүзеге асырылады.

13.18-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылды.

Директорлар кеңесі мүшесінің өз бастамасы бойынша өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуы Директорлар кеңесіне берген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Егер хабарламада директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, мұндай Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, соңғысының өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталған кезде аяқталады.

13.19. Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері (бұдан әрі – Комитеттер) құрылуға тиіс:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлық сыйақы және әлеуметтік мәселелер;
- 3) ішкі аудит.

Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәселелер жөніндегі Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін.

14. Қоғамның Басқармасы

14.1. Ағымдағы қызметке басшылықты атқарушы орган – Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады.

Басқарма мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрауға тиіс.

14.2. Басқарма АҚ туралы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, оның ішінде:

- 1) Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау;
- 2) салық есеп саясатын бекіту;

14.2-тармақтың 3) тармақшасы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгертілді.

3) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес алып тасталды.

14.2-тармақтың 4) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

4) Қоғамның бекітілген іс-шаралар жоспары шеңберінде Қоғамның жылдық бюджетін бекіту;

5) Қоғамның жедел қызметіне басшылықты жүзеге асыру, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

6) бекітілуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) жарғымен Жалғыз акционердің және (немесе) Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған құжаттарды қоспағанда, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекіту;

14.2-тармақтың 7) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 12 қыркүйектегі № 44/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

14.2-тармақтың 7) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық инвестициялық холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2026 жылғы 11 ақпандағы № 05/26 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

7) Директорлар кеңесі бекіткен жұмыскерлердің жалпы санын және ұйымдық құрылымды ескере отырып, Қоғамның штаттық кестесін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

14.2-тармақтың 8) тармақшасы «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгертілді.

14.2-тармақтың 8) тармақшасына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

8) Қоғам жұмыскерлеріне (Басқарма мүшелерін, ішкі аудит қызметін, Қоғамның корпоративтік хатшысын, комплаенс-қызметті, актуарийлер қызметін қоспағанда) еңбекақы төлеу, сыйақы беру, әлеуметтік қолдау көрсету туралы қағидаларды бекіту;

9) «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес алып тасталды;

10) Қоғам Басқармасы жанындағы комитеттерді (комиссияларды) құру, құрамын айқындау, олар туралы ережелерді бекіту туралы шешімдер қабылдау;

11) Қоғам міндеттемелерін Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он пайызына дейінгі шамаға ұлғайту туралы және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) жарғымен Қоғамның өзге органдарының құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, өзге де мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

12) нәтижесінде Қоғам құны активтерінің жалпы құнының он пайызынан азын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иелігінен шығаратын (сатып алынуы немесе иелігінен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

13) борышкердің сомасы Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан азын құрайтын берешегін қайта құрылымдау туралы шешім қабылдау;

14.2-тармақтың 14) және 15) тармақшаларына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

14) Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының айрықша құзыретіне жатпайтын, Қоғамның қызметін қамтамасыз етуге байланысты өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

15) Қоғамның даму жоспарын іске асыру жөніндегі жедел жоспарды бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оның іске асырылуына мониторинг жүргізу.

14.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

14.3. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға, сондай-ақ даму жоспарын, іс-шаралар жоспарын (орта мерзімді бизнес-жоспарды) іске асыруды, Қоғамның жылдық бюджетінің орындалуын және Қоғам қызметінің түйінді көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қол жеткізуді жүзеге асыруға міндетті.

14.4. Басқарма отырыстары қажеттілігіне қарай Басқарма Төрағасының төрағалығымен, ал ол болмаған кезде – оның міндеттерін атқарушы Басқарма мүшесінің төрағалығымен өткізіледі.

Егер отырысқа Басқарма мүшелері санының кемінде жартысы қатысса, Басқарма шешімдер қабылдауға құқылы.

Басқарма шешімдері отырысқа қатысушы Басқарма мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Қоғамның Басқарма Төрағасының даусы шешуші болып табылады.

Қоғам Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан барлық Басқарма мүшелері қол қоюға және онда дауыс беруге қойылған мәселелер, әрбір мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген олар бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс.

Қоғамның Басқарма мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

14.5. Акционерлер және оның акционерлері болып табылмайтын Қоғам жұмыскерлері Басқарма мүшелері бола алады.

14.6. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма Төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы не атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам лауазымын атқаруға құқылы емес.

14.7. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері АҚ туралы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, Қоғам Жарғысымен, сондай-ақ аталған адамның Қоғаммен жасасатын еңбек шартымен айқындалады.

Қоғамның Басқарма мүшелері өз қызметінде заңнаманың, Қоғамның ішкі құжаттарының, оның ішінде Қоғамның Басқармасы туралы ереже нормаларының, тиісті лауазымдық нұсқаулықтардың талаптарын сақтауға және орындауға міндетті.

14.8. Басқарма Төрағасы:

- 1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) Қоғамның үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында оның мүддесін білдіру құқығына сенімхаттар береді;

- 4) Қоғам жұмыскерлерін (АҚ туралы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар салады, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақылары мен айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерлерін белгілейді, Басқарма құрамына кіретін жұмыскерлерді және Қоғамның ішкі аудит қызметін қоспағанда, Қоғам жұмыскерлері сыйлықақыларының мөлшерін айқындайды;

- 5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

- 6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік аясын бөледі;

- 7) Қоғам қызметінің қолданыстағы заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етеді;

- 8) өз құзыреті шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

- 9) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктер туралы Қоғамның Директорлар кеңесін хабардар етеді;

- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Қоғамның ішкі құжаттарымен және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

14.9. Басқарма Төрағасының шешімдері бұйрықтармен немесе өкімдермен ресімделеді.

15. Қоғамның ішкі аудит қызметі

15.1. Қоғамдағы қаржы-шаруашылық қызметке бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылады.

15.2. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

15.3. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

15.4. Ішкі аудит қызметінің өкілеттіктері, біліктілік талаптары, жұмыс тәртібі және қызметінің басқа да мәселелері Директорлар кеңесі бекітетін тиісті ішкі құжаттармен айқындалады.

16. Қоғамның аффилирленген тұлғалары

16.1. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

16.2-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

16.2. Қоғам осы тұлғалар немесе орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде (тек Жалғыз акционерге қатысты уәкілетті орган белгілеген тәртіппен) өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін жүргізуге міндетті.

16.3. Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилирленгендік пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы мыналарды қамтитын мәліметтерді ұсынуға міндетті:

1) жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), заңды тұлғалар үшін – толық атауы;

2) жеке тұлғалар үшін – туған күні, заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, пошталық мекенжайы және нақты орналасқан жері;

3) аффилирленгендікті тану негіздері;

4) аффилирленгендіктің пайда болу күні.

16.4-тармақ «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2021 жылғы 26 мамырдағы № 27/21 хаттамасына сәйкес өзгертілді.

16.4. Қоғам қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органға өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

16.5. Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды адамдары Жарғының 16.3-тармағына сәйкес өздерінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсынады.

Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды адамдары аффилирленгендік пайда болған/аффилирленгендік тоқтатылған күннен бастап жеті күн ішінде өздерінің аффилирленген тұлғаларының құрамындағы өзгерістер туралы ақпаратты ұсынады.

17. Қоғамның ақпаратты ашуы

17.1-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

17.1. Қоғам «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты ашуды жүзеге асыруға міндетті.

17.2-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді

17.2. Қоғам уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл сайын шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті жариялауға міндетті.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашылады, сондай-ақ АҚ туралы Заңда және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, мәміле мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуға тиіс.

17.3-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2019 жылғы 09 шілдедегі № 35/19 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

17.3. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие Қоғам жұмыскерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

17.4-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

17.4. Жарғыға және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз акционердің және/немесе инвесторлардың және/немесе кредиторлардың назарына жеткізілуге тиіс ақпарат Қоғамның www.kazakhexport.kz корпоративтік интернет-ресурсында жарияланады (орналастырылады).

17.5-тармақтың бірінші абзацына «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

17.5. Басқарма Төрағасының не оның міндетін атқарушы адамның атына жіберілген Жалғыз акционердің жазбаша талабы бойынша Қоғам оған АҚ туралы Заңның 80-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

Қоғам қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты ұсынуға қойылатын шектеулерді ескере отырып, сұратылған құжаттардың көшірмелерін осындай талап Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей ұсынады.

Егер Жарғының 17.6-тармағында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын құжаттарды ұсыну үшін үшінші тұлғаның алдын ала жазбаша не ауызша келісімін алу қажет болса, мұндай құжат осындай келісім алынғаннан кейін ғана ұсынылуы мүмкін.

Құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін ақы мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығыстар құнынан аспауға тиіс.

17.6. Қоғамның негізгі қызметіне қатысты кез келген ақпарат, оның ішінде қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат Жалғыз акционерге оның талап етуі бойынша танысу үшін ұсынылуға тиіс.

17-бап «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 13/23 хаттамасына сәйкес 17.7-тармақпен толықтырылды.

17.7. Мынадай шарттардың тым болмағанда біреуі болған кезде Қоғам осы Жарғының 17.5-тармағында көрсетілген Жалғыз акционердің талабы Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей, құжаттардың көшірмесін ұсырудан бас тартуға құқылы:

1) сұратылып отырған құжаттың электрондық нұсқасы Жалғыз акционер талап қойған күні бағалы қағаздар нарығы және акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған болса;

2) егер Жалғыз акционердің оны ұсыну туралы бірінші талабын Қоғам толық көлемде орындаған жағдайда, құжат соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылса;

3) орындалуы Жалғыз акционер талаппен жүгінген күні жүзеге асырылатын мәмілелер жөніндегі құжаттарды қоспағанда, құжат Қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (талаппен жүгінген күнге дейін үш жылдан астам) жатса;

4) орындалуы тұлғаның Қоғам акцияларын иелену кезеңінде жүзеге асырылатын мәмілелер жөніндегі құжаттарды қоспағанда, құжат Қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (тұлға Қоғам акцияларын сатып алған күнге дейін он екі айдан астам) жатса (бұл норма Қоғамға жүгінген күнге дейін он екі айдан ерте емес уақытта Қоғам акционері болған тұлғаларға қолданылады).

18. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

18.1-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

18.1. Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу) АҚ туралы Заңда, «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

18.2-тармаққа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2024 жылғы 06 мамырдағы № 22/24 хаттамасына сәйкес өзгерістер енгізілді.

18.2. Қоғамды тарату, оның ішінде банкроттық негізі бойынша тарату АҚ туралы Заңда, «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

19. Қорытынды ережелер

19.1. Осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

19.2. Егер заңнамадағы өзгерістер нәтижесінде осы Жарғының жекелеген нормалары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, олар күшін жояды және Жарғыға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар тіркелген сәтке дейін, ал өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды тіркеу талап етілмеген жағдайда – оларды бекіту туралы шешім қабылданған сәтке дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормалары қолданылады.

Бұл ретте Жарғының жекелеген нормаларының күшін жоюы тұтастай алғанда Жарғының күшін жоюына не жарамсыздығына әкеп соқпайды.

19.3. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.